

ТЕСТ ЖӘНЕ ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Жусанбаева С., ф.ғ.д., профессоры

Тақырыптың өзектілігі мынада: тестің мазмұнына ненің енгізілуіне, қандай мазмұнның қамтылуына байланысты тестің нәтижесі, қоғамға пайдалығы немесе зияндығы өлшенеді. Сонымен қатар тест пен тест тапсырмаларының мазмұны – педагогикалық өлшемдер теориясының ең маңызды үш мәселесінің бірі. Басқа екі сұрағы: педагогикалық өлшемдер теориясының ғылыми ұғымдары мен тест тапсырмаларының формалары мәселесі.

Бір пән бойынша екі адам тест жасайтын болса, онда олар тестке әр түрлі мазмұны енгізеді. Енгізілген тест мазмұнының қайсысы дұрыс? деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап беру оңай емес, себебі тесте толық қамтылған пән мазмұны болмайды. Пәнді тест мазмұнының толық қамтуы өте күрделі жұмыс. Тест тапсырмасының мазмұнын *іріктеу ережелері* мен *қағидалары* бүгінгі семинарда қарастырылады. Тест сапасы тұтасымен осы мәселеден туындайды.

Тест көпшілік мамандар үшін білімді бақылау формасының әлсіз түрі болып есептеледі немесе өмір сүруді қиындататын қажетсіз жаңалық болып есептеледі.

Тест мазмұнына нені енгізу керек деген мәселеде әрбір маман әр түрлі жауап береді, себебі біреу үшін маңызды, қажетті сұрақты, екінші біреу қажетсіз, мәні жоқ элемент деп қарауы мүмкін. Бірақ мамандар келісе отырып, ұжымдық экспертиза жасау, талқылау арқылы белгілі бір келісімге келеді. Мысалы: қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша, қазақ тілінің әдістеме тарихы бойынша жасалған 60-қа жуық тест тапсырма болды. Немесе сол тест тапсырмаларында қазақ тілінің салалары бойынша теориялық мәселелеріне арналған тапсырмалар бар. Мұндай тапсырмалар тест мазмұнының сапасын төмендетеді.

Білім стандарты мен тестерді дайындау үдерісінде ең қиын әрі басты мәселе – білім мазмұны туралы және білім берудің сапасын бағалау әдістерінің мазмұны туралы қоғамдық келісімге жету. Мұнда талқыланып отырған мәселе – білім беру бағдарламаларынан тестерге қандай білімді енгізу қажет?

Тест мазмұны мен білім беру бағдарламаларының мазмұны арасындағы байланыс. Бұл кездейсоқ айтылып отырған жоқ, себебі мақсатты түрде оқып үйретілгенді ғана тексеруге болады. Мектепте, ЖОО-да оқылмағанды ешқандай жағдайда тексермейді. Әрбір тест нақты мақсатқа жету үшін жасалынады.

Тест мазмұны ешқашан да толық жетілген болмайды деп сынау өте оңай. Оқу пәнінің барлық мазмұнын қамтитын тестердің болуы мүмкін емес. Тест құрамына енбеген оқу материалдары үнемі кездесіп отырады. Білім беру бағдарламаларына бүгінгі күнге дейін әрбір пән мұғалімі қазіргі білім беруге қажетті дегеннің бәрін енгізеді.

Нәтижесінде талап етіліп отырған білім көлемі ұлғаяды әрі терендейді.

Пәнді игеру қиындайды. Мектеп пен жоғары оқу орындарындағы математика пәні бұған дәлел бола алады.

I. Тест және тест тапсырмаларының мазмұнын анықтау.

Бір тестің тест тапсырмаларының мазмұнына шамамен білімнің іріленген 30 негізгі бірлігінен тұрады. Бұл отыз іріленген тест тапсырмасы пән курсының барлық негізгі ұғымдарын қамтып, оған жауап берген тест тапсырушының даярлығын көрсететіндей болуы керек.

Жоғары кәсіби білімнің мазмұны оқу жоспары және соған сәйкес оқу пәнінің бағдарламаларында көрсетіліп, оқулықта оқытудың т.б. құралдарында жазылады.

Кейбір шет мемлекеттерде білім беру бағдарламаларының мазмұны, білім стандарттары және тестілермен тәуелсіз кәсіби-қоғамдық органдар, ассоциациялар мен бірлестіктер айналысады (АҚШ, Жапония, Сингапур, Оңтүстік Корея және т.б.). Бұл елдердің білім беру жүйелері дамыған деп есептелінеді.

II. Нормативті білім, ұсынылатын білім және тексерілетін білім.

Оқытушы ұсынатын білім әдетте тесті арқылы тексерілетін білімнен кең болады. Жақсы ұйымдастырылған өздік жұмыстарда кейбір студенттің білімі дәрісте, сабақта алған білімдерінен артықтау, көбірек болатыны белгілі. Мұндай жағдай білім беру мекемесінде негізгі және қосымша тапсырмалар жүйесімен жұмыс істегенде ғана мүмкін болады. Бұл жүйеде дамытатын тапсырмаларға көбірек орын берілуі қажет. Бірақ өздік жұмысқа арналған арнайы тапсырмалар жүйесі мен тестік бақылау қазір өте сирек өткізіледі.

Барлық білім беру мекемелерінің оқушылары оқып үйренетін білімді нормативті білім дейміз. Нормативті білімді барлық оқушылар бірдей меңгереді деп айту қиын. Нормативті білім, іскерлік, дағдылармен қоса оқу пәндеріне (представление) түсініктерді де енгізу пайдалы – пәннің ойдағы бейнелері, кейбір жағдайда бұл бейнелер абстрактілі ұғымдарға қарағанда шындыққа жақын болуы мүмкін. Білімге берілетін анықтамалар: әр түрлі емтихан тапсырғаннан кейін бір жылдан соң «қалдық білімнің» көрсеткіші 15%-дан аспаса, онда оны білім деп айтуға бола ма?

«Таза ғылымды» жақтаушылар пән бойынша барлық бағдарлама мазмұны тест мазмұнына енуі қажет деп есептейді. Пән мазмұнының тест тапсырмаларының мазмұнынан кеңірек болуы кездейсоқ емес.

Тексерілетін білім – оқу пәнінің мазмұнын оқушылардың меңгеруі міндетті түрде бағаланатын білім.

III. Тест мазмұнының тестілеудің мақсатына сәйкестігі.

Тест жасау кезінде студенттің немесе оқушының пәнді оқып үйренудің нәтижесінде меңгертін негізгі білімі мен іскерліктері ескерілуі қажет. Тесті жасау мен қолданудың мақсаты осыған негізделеді.

Кез келген педагогикалық тестің мазмұны тестілеудің мақсатына тәуелді. Тест мазмұнының негізіне алынатын ең басты қағида – осы. Студенттерді олимпиадаға дайындау қажет болса, онда тестің тапсырмалары күрделі, қиын болады. Мұндай тапсырмалардың көмегімен ең үздік студенттер таңдалынады. Керісінше ең нашарларды шығару керек болса, онда тест тапсырмалары жеңіл алынады. Жеңіл тапсырмаларды орындамағандар ең нашарлары болып шығады.

Қажет болған жағдайда тестке жеңіл, орташа, күрделі тапсырмалар енуі қажет. ОЖСБ-ға (БОУД) осындай талап қойылып отыр.

Кез келген тест тапсырмасының мазмұны екі түрлі бағаланады: педагогикалық және текстологиялық тұрғыдан. Педагогтар ең бірінші кезекте тапсырма мазмұнын өздері оқытатын пән тұрғысынан бағалайды. Текстологтар тапсырмасының формасын және текстологиялық сипаттамасы, яғни оның қиындығын, әсерін, нәтижелілігін, сенімділігін, қолдануға болатындығын тексереді.

Тест мазмұнында оқу пәні мазмұнының толық әрі терең берілуі мәселесі – күрделі, шешуі қиын сұрақтардың бірі. Оқу пәні мазмұнының барлығын өзіне қамтитын тест мазмұны жоқ.

Тест тапсырмаларының мазмұнына оқу пәнінің тақырып, тарауларының санын кеңейту арқылы тестің тапсырмаларының санын жөнсіз көбейту рационалды (оңтайлы, ұтымды) емес. Оқу пәнінің мазмұны тест тапсырмаларынан үнемі кеңірек болып табылады.

Қазіргі білім мазмұнының өзгеріп, жаңарып отырған жағдайында оқу пәнінің барлық материалын түгел білу мүмкін емес қиын іс болып отыр.

Бұған қоса ұмытып қалу – дұрыс қызмет істеп отырған психиканың қажетті үдерісі. Неміс педагогі А.Дистервегтің: «Оңай ұмытылатын нәрсені берік оқып үйренудің қажеті жоқ», – деген қанатты сөзін есте ұстаған жөн. Білім дүниесінде түсініктер маңызды бағдар беретін роль атқарады.

Тест мазмұнында екі негіз тұрады: 1) ғылыми; 2) оқу-білім ғылыми негіз ғылымның даму үдерісін және оның қолданылуын бейнелейді: оқу-білім негіз білім жүйесін қалыптастырады.

IV. Тест тапсырмалары мазмұнын іріктеу қағидалары:

1. **Мәнділігі.** Бұл қағида бойынша тестке білімнің ең маңызды, негізгі, тірек элементтерін енгізу. Білімнің мұндай элементтерін олардың маңыздылығына қарсы құрылымдық элемент деп атауға болады.

2. **Ғылыми дәлдігі.** Тестке оқу пәні мазмұнының тек қана объективті шындығы және олардың рационалды дәлелдемелерге келетіндері ғана енгізіледі. Соған сәйкес ғылымда әдетте қалыпты болып есептелетін даулы көзқарастарды тест тапсырмаларына енгізуге кеңес берілмейді. Себебі тест тапсырмаларының мәні де сонда, оқытушы жауабын алдын ала біліп отыратын анық, дәл объективті шындыққа негізделген тапсырмалардан тұруы керек.

3. **Ғылымның қазіргі даму деңгейіне тест мазмұнының сәйкестігі.** Бұл қағида бойынша мамандарды дайындауда қазіргі материалдарды пайдалану және олардың білімін тексеруде де уақыт талабын ескеру. Мысалы, қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнін алсақ, дәстүрлі оқыту мен оқытудың қазіргі технологияларын салыстыру арқылы дәріс пен семинарлар ұйымдастыру. Бұл қағиданы жүзеге асырудың қиындығы мынада: тест мазмұны мен ғылымның даму деңгейі және оқу пәні мазмұнының арасында байланыс жанама түрде жүреді.

4. **Репрезентативтілік** – бұл қағиданы құрылымдық деп те айтуға болады, себебі білім құрылымы иерархиялық түрде біріне-бірі бағынған көптеген элементтерден тұрады. Сондықтан да бұл қағида бойынша тестке оқу мазмұнының мәні бар элементтерін түгел енгізудің қажеті жоқ. Себебі бұл элементтер білімнің жалпы құрылымында бір-бірімен тығыз байланысты, бірі екіншісіне тұтасымен немесе жартылай енген.

5. **Оқу материалының қиындығының біртіндеп артуы.** Бұл қағида бойынша әрбір оқу элементі бақылау үдерісінде студенттер үшін қиын материалдардың берілу реті оңайдан күрделіге қарай ауысады. Оқулықтар мен оқу құралдарында материалдардың орналасуы да осы ретпен берілген. Қиын күрделі мазмұн қиын тапсырмаларға сәйкес келеді. Қиын тапсырмаларға дұрыс жауап берген студент оңай тапсырмаларға да дұрыс жауап беруге мүмкіндігі бар.

6. **Мазмұнның вариативтілігі.** Тест мазмұны ғылым дамуынан, оқу пәнінің жаңа мазмұнынан, жаңа оқулықтан тәуелсіз әрі өзгеріссіз бола алмайды. Оқу пәні мазмұнының өзгеруіне қарай тест мазмұны да толығып отырады. Тест тапсырушылардың контингенті де ескеріледі. Егер дайындығы әлсіз топтың студенттері тестіленетін болса, онда қиын тест тапсырмаларына бірде-бір студент дұрыс жауап бермейді. Бұл тапсырмалар одан ары қарай тест мәліметтерінен алынады.

Тест мазмұны дайындығы нашар студенттер үшін де, дайындығы мықтылар үшін де вариантты әрі инвариантты болады. Студенттер бір пәнді әр оқу орындарында әр түрлі сағатпен оқитын болған жағдайда да тест мазмұнында осыған ұқсас бөлімдер жасалынады.

Мазмұнның жүйелілігі. Бұл қағиданың мақсаты – білім жүйелілігінің талаптарына тест тапсырмаларының мазмұны лайықты болатындай жинақтау. Жүйелі мазмұндағы тапсырмаларды жинақтауда білімнің жалпы құрылымдық жағынан бір-бірімен байланысты болуы да ескеріледі. Бұл – тест тапсырмалары білімнің жалпы факторлық құрылымымен байланысты болғанда ғана жүзеге асады.

7. **Тест мазмұнының кешенділігі.** Білімді қорытындылап бақылауға арналған тест бір ғана тақырыптың материалынан тұрмайтыны анық. Оқу курсының мазмұнын толық қамтитын кешенді тапсырмаларды іздеу қажет. Оған қоса тестіде негізгі теориялық материалдарды – ұғымдар, заңдар мен заңдылықтар, фактілер, теорияның құрылымдық компоненттерін ғылыми және практикалық іс-әрекет әдістерімен бірге, типтік кәсіби міндеттерді әсерлі, нәтижелі шешумен біріктіріп енгізу де маңызды. Мұндай тапсырмаларды ашық тест түріндегі сәйкестігін анықтауға немесе дұрыс ретімен орналастыруға арналған тест тапсырмасында көрсетіледі. Бұл тестілерді дидактикалық модельге айналдырып бақылау үшін де, оқыту үшін де пайдалануға болады.

8. **Мазмұн мен форманың байланысы.** Бұл жалпы диалектикалық қағиданы тестке қатысты қолданғанда өнермен ассоциациялық байланыс туындайды.

Гегельдің пікірі бойынша, нағыз өнер туындысында мазмұн өз ішінде толық аяқталып, соған сәйкес пішінге ие болады дейді. Дәл сол секілді нағыз педагогикалық тестіні де тапсырма мазмұнының ең ыңғайлы формамен өзара байланысының нәтижесі деп қарауға болады. Тест формасын мазмұнымен бірге олардың өзара белсенді әрекеті деп қарастыруға болады. Тест тапсырмасының формасында кез келген мазмұнды енгізуге болмайды. Дәлелдеулер, кең мағынадағы есептеулер, көп сөзді сипаттамалар тест формасында суреттеуге келе бермейді.

VI. Тапсырмалардың қиындығының өлшемі. Тапсырма қиындығының өлшемі бір мезгілде мазмұнының да, форманың да көрсеткіші болып табылады.

Тестің қиындығы тест тапсырмаларын іріктеуден ғана тұрмайды, сонымен қатар сол тапсырмаларды дайындауда ескеріледі. Тест қиындығы жеңіл немесе қиын тапсырмаларға тәуелді, тест мазмұны да онда не оңай, не қиын болады. Тапсырма қиындығы тексерілетін мазмұнға тәуелді, тестілеудің мақсатына, және тестіде тапсырмалардың орналасуына да тәуелді.

Тапсырмалардың «қиындығы» мен «күрделілігі» ұғымдарын ажырату.